

УДК 327

С. Сайлауқызы,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы
Дипломатия институтының директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАЯУ ШЫҒЫС ПРОБЛЕМАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада араб-израиль жанжалының проблемалары және Қазақстан Республикасының Таяу Шығыстағы саясаты қарастырылған. Таяу Шығыс жанжалы халықаралық өмірдегі ең белсенді және созылған жанжалдардың бірі болып, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікке қауіп төндіруде.

Тірек сөздер: жанжал, ұстаным, таяу шығыс бейбіт реттеу үдерісі, сыртқы саясат басымдықтары, халықаралық қауымдастық, қарар, көпвекторлы саясат, аймақтық қауіпсіздік, құқықтық мәртебе, тәуелсіздік алу.

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы арабо-израильского конфликта и политика Республики Казахстан на Ближнем Востоке. Ближневосточный конфликт является на сегодняшний день одним из интенсивных и затянувшихся конфликтов в международной жизни и угрожает региональной и международной безопасности.

Ключевые слова: конфликт, позиция, процесс ближневосточного мирного урегулирования, приоритеты внешней политики, международное сообщество, резолюция, многовекторная политика, региональная безопасность, правовой статус, обретение независимости.

Abstract

This article reviews the issues of the Arab-Israeli conflict and policy of the Republic of Kazakhstan in the Middle East. Currently the Middle East conflict is one of the most intense and protracted conflicts in the international arena and it threatens regional and international security.

Keywords: conflict, position, the Middle East Peace Process, foreign policy priorities, the international community, resolution, multi-vector policy, regional security, legal status, the attainment of independence.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жария етумен халықаралық қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болуға және шет елдермен мемлекетаралық қатынастар құруға тарихи мүмкіндікке қолы жетті. 1991 жылғы желтоқсанында тұңғыш сайланған Президент Н.Ә.Назарбаев келесі күні шетелдік және отандық БАҚ өкілдерімен кездесіп, Қазақстанның сыртқы саясаты Еуропа мен Азия арасындағы көпір болуға бағытталатынын атап айтты.

Геосаяси тұрғыдан Қазақстан үш өркениеттің (Шығыс, Еуропа және Азия немесе Ислам, Христиан пен Конфуцийшілдік) түйіскен жерінде орналасқан. Төрт құбыласы тең ел болу үшін Қазақстан көрші және алыс жатқан елдермен тепе-теңдік негізде өзара тиімді қарым-қатынастар орнатуға, яғни сыртқы саясатында көпвекторлық және көпдеңгейлі бағыт ұстануға күш-жігер салуда. Бүгінгі жаһандану заманында ірі азиялық мемлекет ретінде Қазақстанның тәуелсіз сыртқы саясатында, ұлттық мүдделерді қорғауда тепе-теңдікті қамтамасыз етудің маңызы ерекше. Сондықтан, қазақ дипломатиясы осы тұрғыда мүдделі тараптармен өзара тиімді ынтымақтастықты орнатуға және оларды дамытуға бағытталған. Оған еліміздің 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен 2011 жылы Ислам ынтымақтастығы ұйымы Сыртқы істер министрлер кеңесіндегі төрағалығы дәлел.

Еуропа, Азия және Африка түйісуінде геосаяси ұтымды орналасқан, көмірсутегі шикізатының әлемдік қорларының үштен екісі сол жерде шоғырланған, адами және экономикалық ресурстарға бай Таяу Шығыс халықаралық қатынастар жүйесінде әр заман ерекше көңіл аударарлық аймақ болып келеді.

Таяу Шығыс Қазақстан сыртқы саясатында да басымдық орын алады. Себебі бұл аймақ географиялық жақындығымен, экономикалық әлеуетімен және халықтарымыздың тарихи, мәдени, діни тамырларының шырмалануымен себептеледі. Таяу Шығыс елдерінің сыртқы саясатына мұнайдың бай қоры ықпал етеді. Израильден басқа Таяу Шығыс мемлекеттерінің ішкі және сыртқы саясатында Исламның ықпалы зор.

Көпвекторлық саясат аясында еліміз Таяу Шығыс жанжалының негізгі кейіпкерлері Израиль және Палестинамен тепе-тең саясат жүргізіп, олармен екіжақты ынтымақтастықты белсендіру жұмыстарын келесі бірнеше факторларды ескере отырып жүргізуде.

Израиль Таяу Шығыстағы араб әлемінің қақ ортасында орналасқан. Өзінің көршілерімен перманентті қақтығысы жағдайында тұрып, ол жарты ғасырдан астам болмысында экономикалық, әскери дамыған аймақтағы күшті мемлекет бола алды.

Аймақта ең күрделі әрі шешімін таба алмай отырған араб-израиль жанжалы бүкіл халықаралық қауымдастықтың алаңдатушылығын туғызып келуде. Осыған орай еліміздің сыртқы саясатының басымдық жүйесінде Таяу Шығыс бағытындағы жұмыс өзіндік ерекшеліктер мен өзгешеліктерді ескеруді талап етеді.

Таяу Шығыс жанжалының өзекті мәселелеріне қатысты Қазақстанның ұстанымы Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) сол регионға қатысты қабылданған қарарларына негізделіп, халықаралық қоғамдастық позициясына сәйкес келеді. Палестина жерінде араб және еврей екі дербес мемлекеттерін құру туралы БҰҰ Бас Ассамблеясының (бұдан әрі – БА) 1947 жылғы шешімдерін толық мойындайды, яғни БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі (бұдан әрі – ҚК) №№ 181, 242, 338 және т.б. қарарларына сүйене отырып, палестина халқының тәуелсіз мемлекет құру құқығын қолдайды.

Аймақтағы бірқатар сезімтал мәселелер бойынша еліміздің саясаты бүкіл әлем қауымдастығы ұстанымдарына сәйкес келеді.

Қазақстан жанжалдасушы тараптардың БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі қарарларын мүлтіксіз орындау қажеттігіне назар аударып, палестиналықтар мен израильдіктерді мойнына алған шарттарды орындауға шақырады. Еліміз Таяу Шығыстағы жанжалды реттеу үдерісіне БҰҰ, Еуропалық Одақ (бұдан әрі – ЕО), Америка Құрама Штаттары және Ресей Федерациясы сияқты негізгі демеушілердің әрекеттері, сондай-ақ келіссөздерге қатысушы тараптардың ізгі ниеттері аймақтағы барлық мәселелерді шешу жолында еврей мен араб халықтары бейбіт келісімге келетіндігіне үміт білдіреді. Палестина жерлерінен израильдік әскерлерді шығаруы, Палестина Мемлекетінің тәуелсіздігін жариялауы, палестиналық босқындардың оралуы, Иерусалим статусы, оккупацияланған Голан биіктіктері және т.б. күрделі мәселелерде Қазақстан мүдделі тараптарды Таяу Шығыс жөніндегі БҰҰ қарарларын толығымен орындауға шақырады. Біздің ел аймақта толық әрі әділ бейбітшіліктің орнығуына мүдделі және аймақтағы барлық елдермен достық және өзара тиімді қарым-қатынастар орнатуға талпынады.

Иерусалим қаласының құқықтық мәртебесі – бұл мәселеде Қазақстан БҰҰ ҚК-ның белгілі қарарларын қолдап, Израильді Иерусалимнің құқықтық мәртебесін күштеп өзгерту әрекеттерінен бас тартуға, Шығыс Иерусалимдегі қоныстану саясатын тоқтатуға шақырады.

Қазақстан үш дінге қасиетті қаланың мәртебесіне тікелей мүдделі тараптардың келіссөздер арқылы бейбіт жолмен қабылданған әділ шешімдерін сыйлайтын болады.

Таяу шығыс жанжалын реттеу үдерісі (орысша – процесс ближневосточного урегулирования) – Қазақстанның сыртқы саясатындағы басымдық бағыттары негізінен ұлттық қауіпсіздік пен халықаралық және аймақтық міндеттемелері тұрғысынан қаралуы себепті, таяу шығыс жанжалын бейбіт реттеу үдерісінің тұйыққа тірелуіне, бұрынғы қол жеткізілген уағдаластықтар оң нәтижеге жетпегендігіне алаңдатушылық білдіреді.

Қазақстан араб-израиль жанжалы бейбіт реттеу жолында тұрған жағдайда сол жердегі елдер арасында өзара сенімнің орнығуына, аймақтағы экономикалық ынтымақтастықтың кеңінен дамуына, Азия құрлығындағы біртұтас қауіпсіздік жүйесінің құрылуына елеулі септігін тигізер оқиға болады деп санайды. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев халықаралық немесе екіжақты іс-шаралар барысында Таяу Шығыс мәселесіне қатысты БҰҰ шешімдеріне негізделген дәйекті ұстанымын мәлімдеп келеді.

2002 жылдың 3–4 маусымында Алматыда Азия кеңесінің 1-ші саммиті өтіп, онда ҚР Президенті Н. Назарбаев былай деді: «Біз АӨСШК процесіне қатысушылардың барлығын Азияда ауқымды қақтығыстарға ұрынбау, егесті ұшықтырмау үшін бір-бірімен өзара қарым-қатынаста ұстамдылық пен жауаптылық танытуға шақырамыз. Біздің құрлықтағы қарулы қақтығыстар ондаған миллион адам құрбандығына ұрындыруы мүмкін... Аймақ үшін Таяу Шығыстағы бейбіт реттеудің шешім тапқаны өте маңызды».

2011 жылғы 28–30 маусымда Астанада өткен Ислам Ынтымақтастық Ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-ші сессиясында Қазақстан Президенті Н. Назарбаев палестиналықтардың мемлекет құру заңды құқықтарының орындалмауы, Шығыс Иерусалим мәртебесінің шешілмеуі, босқындардың ауыр халі тек Таяу Шығыс емес, одан тыс жерде де алаңдатушылық ошағы болып келеді деп мәлімдеді. Осы ретте БҰҰ-ның тиісті қарарлары мен аймақтағы бейбіт бастамаларды қолдайтындығын тағы растады.

2011 жылғы 21 қыркүйекте БҰҰ БА 66-шы сессиясының жұмысы барысында Президент Н. Назарбаев: «...осы күндері күрделі палестина мәселесі қарастырылуда. Қазақстан

Палестина Мемлекетін құруды қолдайды. Тарих таразысында күрделі мәселе тұр. Ол жөнінде АҚШ президенті Б. Обама да айтты. Тәуелсіз Палестина Мемлекетін құрмай Таяу Шығыста баянды бейбітшілікке қол жеткізу мүмкін емес», – деп мәлімдеді.

Елбасы Ислам дінін терроризммен салыстырмаларға үнемі қарсы шығады. Ислам дініне дақ келтіретін «исламдық қауіп деген аңыздарды қатал сынға алып, бұл ұстанымды ол жоғарыда көрсетілген сапарлар барысында да, сондай-ақ өзінің «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде ерекше атап айтты. Сөйтіп, Қазақстан Таяу Шығыс елдерімен саяси және экономикалық байланыстарды кеңейтуге тиісінше көңіл бөледі.

Қазақстан Израиль мен Палестинаға қолдау және екі елмен де өзара тиімді тепе-тең қарым-қатынастар орнату әзірлігін көрсету және оларды дамытуға серпін беру мақсатында 1995 және 2000 жылдары Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Израильге және Палестинаға ресми сапарлармен барды. Осы қолайлы жағдайды пайдаланып, Елбасы жанжалдасушы тараптарды келіссөздер арқылы қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыруға, белгілі БҰҰ қарарларын орындауға және территориялық шиеленістерді реттеу жөніндегі өзара келісімге келуге шақырды. Қазақ басшысының пікірінше, аймақта жұбы үзілмей келе жатқан әскери және саяси шиеленістерден «шаршау» синдромы байқалады. Бұл өз алдына екіжақты түбегейлі және әділетті шешім қабылдау үшін «түрткі» болуы керек.

Қазақстанның Израильмен және Палестинамен байланыстары аймақтағы саяси ерекшеліктерді айқындайтын бірқатар жағдаяттарды ескере отырып құрылды. Араб-израиль жанжалының өзекті мәселелерінің шешілмеуі (Палестина проблемасы, Иерусалимнің мәртебесі, Голан биіктіктері, босқындар мәселесі, еврей қоныстарын салу) аймақта мүдделер тепе-теңдігін мейлінше ескеруді және қолдауды талап етеді. Израиль де, Палестина да Қазақстанды мұсылман әлеміндегі өзінің маңызды әріптесі ретінде қарастырып, еліміздің диалог пен ынтымақтастықты көздеген халықаралық инициативаларын қолдап, АӨСШК-ге мүше болды, Әлемдік және дәстүрлі діндер съездерін өткізбей қатысып келеді. Бұл жерде, олар Азия кеңесінің жұмысына қатысу арқылы аймақтағы қауіпсіздік мәселелерін бақылауда ұстауға мүмкіндік алатындығын ескеру қажет.

Қазақстан аймақта бейбітшілік орнату мақсатында жанжалды реттеу үдерісіне қатысатын халықаралық күштердің, әсіресе БҰҰ, ЕО, Америка және Ресей құрамындағы «Төрттіктің» ұсыныстарын толық қолдап, олардың күш-жігері оң нәтиже әкеледі деп сенім білдіреді. «Төрттіктің» 2003 жылы Таяу Шығыс жанжалын реттеу үдерісін шешуге бағытталған «Жол картасы» бағдарламасын Қазақстан жоғары бағалап қабылдады. «Жол картасы» Таяу Шығыс шиеленісін реттеуге үлесін тигізіп, бүгінгі күні бейбітшілікке жетуге үміт беріп тұрған жалғыз құжат. Онда Израиль мен Палестина арасындағы жанжалды реттеу кезеңдерінің нақты уақыттары және бір-бірімен бейбіт өмір сүре алатын екі мемлекет құру жөніндегі келіссөздердің негізгі бағыттары анықталған.

Қазақстан аймақта әділетті және тұрақты бейбітшілік орнатуға бағытталған барлық халықаралық күштердің іс-әрекеттерін қолдайды және әр ел бір-біріне тең халықаралық құқық қағидаттары негізінде өзара тиімді ынтымақтастық орнатуға, демек, өзінің достары мен одақтастары қатарын көбейтуге, ұлттық мүдделерін ілгерілету үшін халықаралық ынтымақтастық тетіктерін белсенді қолдануға мүдделі. Бұл мәселе Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстағы «Араб көктемі» кезеңінде аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында ерекше маңызды болып тұр.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 *Официальные отчеты Генеральной Ассамблеи ООН // Вторая сессия специального комитета по палестинскому вопросу. – Нью-Йорк., 1949. – С.162–164.*
- 2 *Резолюция ГА ООН от 29.11.1947 г. № 181 (II). Нью-Йорк., – С. 72–82.*
- 3 *Палестинская проблема// Документы ООН, международных организаций и конференций. – М., 1984. – С.21, 52, 529.*
- 4 *Резолюция Совета Безопасности ООН № 242 от 22.11.1967. – Нью-Йорк, 1967.*
- 5 *Резолюция Совета Безопасности ООН № 338 от 1973.*
- 6 *Н. Ә. Назарбаев. Сындарлы он жыл. – Алматы, 2003. – 58, 240 беттер.*
- 7 *Н. А. Назарбаев. На пороге XXI века. – Алматы, 1996. – 324 с.*
- 8 *К. К.Токаев. Под стягом независимости/ Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы, 1997. – 736 с.*
- 9 *К. К. Токаев. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации – Алматы, 2000. – 584 с.*